

Иондаушы сәулелендіру көздерімен жұмыс істеу, медициналық рентген-радиологиялық процедуралар жүргізу кезінде, сондай-ақ табиғи және техногендік радиациялық аяға байланысты азаматтар алған жеке сәуле мөлшерлерін бақылау және есепке алу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 27 наурыздағы № 259 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 5 мамырда № 10943 тіркелді.

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 19.08.2021 № ҚР ДСМ-82 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Халықтың радиациялық қауіпсіздігі туралы" 1998 жылғы 23 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Иондаушы сәулелендіру көздерімен жұмыс істеу, медициналық рентген-радиологиялық процедуралар жүргізу кезінде, сондай-ақ табиғи және техногендік радиациялық аяға байланысты азаматтар алған жеке сәуле мөлшерлерін бақылау және есепке алу қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 19.08.2021 № ҚР ДСМ-82 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның мерзімді баспасөз басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрінің

міндетін атқарушы

М. Құсайынов

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрі

_____ Т. Дүйсенова

2015 жылғы 30 ақпан

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының
Энергетика министрі

_____ В. Школьник

2015 жылғы 1 сәуір

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
міндетін атқарушының
2015 жылғы 27 наурыздағы
№ 259 бұйрығымен бекітілген

Иондаушы сәулелендіру көздерімен жұмыс істеу, медициналық рентген-радиологиялық процедуралар жүргізу кезінде, сондай-ақ табиғи және техногендік радиациялық аяға байланысты азаматтар алған жеке сәуле мөлшерлерін бақылау және есепке алу қағидалары

Ескерту. Қағидалардың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 19.08.2021 № ҚР ДСМ-82 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 03.09.2018 № ҚР ДСМ-9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы Иондаушы сәулелендіру көздерімен жұмыс істеу, медициналық рентген-радиологиялық процедуралар жүргізу кезінде, сондай-ақ табиғи және техногендік радиациялық аяға байланысты азаматтар алған жеке сәуле мөлшерлерін бақылау мен есепке алу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Халықтың радиациялық қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабына сәйкес әзірленген және иондаушы сәулелендіру көздерімен жұмыс істеу, медициналық рентген-радиологиялық процедуралар жүргізу кезінде, сондай-ақ табиғи және техногендік радиациялық аяға байланысты азаматтар алған жеке сәуле мөлшерлерін бақылау және есепке алу жүзеге асырудың тәртібін айқындайды және иондаушы сәулелендіру әсеріне ұшырайтын барлық жеке тұлғалар (бұдан әрі – азаматтар) мен

қызметін иондаушы сәулелендіру көздерін пайдалана отырып жүзеге асыратын заңды тұлғаларға (бұдан әрі – ұйымдар) қолданылады.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 19.08.2021 № ҚР ДСМ-82 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Жеке алған сәуле мөлшерлерін бақылау және есепке алу мынадай:

1) иондаушы сәулелендіру көздерімен жұмыс істеу, медициналық рентген-радиологиялық процедуралар жүргізу кезінде, сондай-ақ табиғи және техногендік радиациялық аяға байланысты азаматтар алған жеке сәуле мөлшерлері туралы объективті ақпарат алу;

2) белгіленген шектерден тыс сәуле алған адамдарды есепке алу;

3) азаматтар мен ұйымдар персоналы алған сәуле мөлшерлері туралы объективті және шынайы ақпарат алу мүмкіндігін қамтамасыз ету;

4) радиациялық фактордың азаматтарға әсер етуін бағалау;

5) азаматтардың сәуле алу деңгейлерін төмендету жөнінде шаралар қабылдау мақсатында жүргізіледі.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 19.08.2021 № ҚР ДСМ-82 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Жеке сәуле алу мөлшерлерін бақылау және есепке алуды ұйымдастырудың жалпы тәртібі

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 03.09.2018 № ҚР ДСМ-9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Жеке сәуле алу мөлшерлерін бақылау және есепке алу радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы нормалар мен қағидалар талаптарын ескере отырып, осы Қағидаларға сәйкес жүргізіледі және бақылау мен есепке алу көлеміне, параметрлеріне, әдістері мен құралдарына қойылатын бірыңғай талаптармен қамтамасыз етіледі.

4. Бақылау мен есепке алуға:

1) азаматтарға әр түрлі иондаушы сәулелендіру көздері әсер еткен кезде олар алған жеке сәуле мөлшерлері;

2) табиғи және техногендік өзгертілген радиациялық аяға байланысты азаматтар мен ұйымдар персоналы алған жеке сәуле мөлшерлері;

3) медициналық рентген-радиологиялық процедураларды жүргізу кезінде азаматтар алған жеке сәуле мөлшерлері;

4) радиациялық авариялар кезінде азаматтар мен ұйым персоналы алған жеке сәуле мөлшері жатады.

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 19.08.2021 № ҚР ДСМ-82 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Негізгі бақыланатын параметрлер:

- 1) жылдық тиімді және баламалы мөлшерлер;
 - 2) көз бұршағындағы, терідегі, қолдың буындары мен табандағы жылдық баламалы мөлшер;
 - 3) радионуклидтердің организмге түсуі және жылдық түсуді бағалау үшін оларды организмде ұстау;
 - 4) ауадағы, судағы, тамақ өнімдеріндегі, құрылыс материалдары мен басқалардағы радионуклидтердің көлемдік немесе үлестік белсенділігі;
 - 5) тері қабаттарының, киімнің, аяқ киімнің, жұмыс орындарының радиоактивтік ластануы;
 - 6) сыртқы гамма-сәулелендірудің мөлшері мен қуаттылығы болып табылады.
6. Жеке алған сәуле мөлшерлерін айқындау үшін:

- 1) жеке дозиметрлердің көмегімен тікелей өлшемдер (объектінің персоналы мен азаматтар дербес алған сәуле мөлшерлері);
- 2) радиациялық мән-жайды ескере отырып, адамдар фантомдары мен сәулеленуін есептегіштердің көмегімен алынған жеке сәуле алу мөлшерлерінің есептемелері;
- 3) сәуле алған организмдегі биологиялық, биохимиялық және биофизикалық әсерлер бойынша азаматтар алған жеке сәуле мөлшерлерін қайта жаңарту;
- 4) әр түрлі материалдардағы радиациялық әсерлер бойынша азаматтар алған жеке сәуле мөлшерлерін қайта жаңарту пайдаланылады.

Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 03.09.2018 № ҚР ДСМ-9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-тарау. Иондаушы сәулелендіру көздерімен жұмыс істеу кезінде персонал алған жеке сәуле мөлшерлерін бақылауды есепке алуды жүзеге асыру тәртібі

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 03.09.2018 № ҚР ДСМ-9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Жұмыс сипатына байланысты ұйым персоналы алған сәулені жеке бақылау жеке дозиметрлерді пайдалана отырып аралас сәулелендіру немесе есептеу жолымен сыртқы бета, гамма, рентген және нейтрон сәулелендіру мөлшерлері жеке бақылауды қамтиды.

8. Ұйымдарда жеке дозиметриялық бақылауды жүргізу үшін персоналдың киіміне қыстырылатын жеке дозиметрлер пайдаланылады. Дозиметрлердің орналасу орны орындалатын жұмыстың сипатына байланысты.

9. Персонал ұйымда белгіленген жеке дозиметрлерді пайдалану тәртібін сақтауы қажет.

10. Бақылау кезінде қызметкер алған жиынтық мөлшерлер тоқсан сайын тіркеледі.

11. Ұйым персоналының жеке сәулелену дозасын есепке алуды кейіннен қызметкердің жеке есепке алу карточкасына енгізе отырып, ұйымның деретер қорына тіркеу жолымен, ұйымның (бақылау) радиациялық қауіпсіздігі үшін жауапты адам жүзеге асырады. Ұйым персоналының жеке сәулелену дозасын бақылау және есепке алу деректері 50 жыл бойы сақталады. Қызметкердің жеке сәулелену дозасы туралы мәліметтердің көшірмесі, ол радиоактивті заттар мен басқа да иондаушы сәулелендіру көздерін қолданатын ұйымға басқа жұмыс орнына ауысқан жағдайда, жаңа жұмыс орнына беріледі.

Ұйымға іссапарға жіберілген адамдардың жеке сәулелену дозалары туралы деректер олардың тұрақты жұмыс орнына жіберіледі және ұйымның деректер қорында тіркеледі.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.04.2023 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Персоналға арналған тиімді мөлшердің шегі кез келген келесі 5 жыл үшін орта есеппен алғанда жылына 20 миллизивертті (бұдан әрі – мЗв) құрайды, бірақ жылына 50 мЗв-дан және 5 жылда 100 мЗв-дан аспауы тиіс. Тұтастай алғанда персоналдың еңбек қызметі кезеңінде 50 жыл бойы тиімді жеке мөлшер 1000 мЗв-дан аспауы тиіс.

4-тарау. Медициналық рентген-радиологиялық процедураларды жүргізу кезінде азаматтар (пациенттер) алған жеке сәуле мөлшерлерін бақылауды және есепке алуды ұйымдастыру тәртібі

Ескерту. 4-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 03.09.2018 № ҚР ДСМ-9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Медициналық рентген-радиологиялық процедуралар диагностикалық ақпарат немесе терапиялық әсер алу мақсатында тек дәрігердің тағайындауы және азаматтың (пациенттің) келісуі бойынша ғана жүргізіледі. Тиісті процедураны жүргізу туралы түпкілікті шешімді дәрігер рентгенолог немесе дәрігер-радиолог қабылдайды.

14. Қолдану мүмкін болмаған немесе басқа баламалы диагностика әдістерінен жеткілікті хабардар болмаған жағдайда медициналық көрсетілімдер бойынша жүзеге асырылады. Бұл ретте мөлшерлердің шегі белгіленбейді, бірақ медициналық рентген-радиологиялық процедураларды тағайындау негіздемесі мен азаматтарды (пациенттерді) қорғау шараларын оңтайландыру қағидаттары пайдаланылады.

15. Медициналық рентген-радиологиялық процедуралар үшін Қазақстан Республикасында тіркелген және қолдануға рұқсат етілген медициналық техника пайдаланылады.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 03.09.2018 № ҚР ДСМ-9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. Медициналық рентген-радиологиялық процедураларды жүргізу кезінде азаматтың (пациенттің) сәулелік жүктемелерін азайту үшін барлық ықтимал шаралар қолданылуы тиіс.

17. Әрбір рентген-радиологиялық процедураларды жүргізу кезінде азамат (пациент) алған мөлшерлер азаматтың (пациенттің) амбулаториялық картасына міндетті қосымша болып табылатын медициналық сәуле алу мөлшерлерін есепке алудың дербес парағына енгізіледі және тиісті медициналық рентген-радиологиялық процедураларды есепке алу журналында тіркеледі.

18. Азаматтың (пациенттің) талап етуі бойынша оған күтілетін немесе алынған сәуле алу мөлшері мен рентген-радиологиялық процедураларды жүргізуден болатын ықтимал салдарлар туралы ақпарат беріледі.

19. Азаматтарға профилактикалық медициналық рентгенологиялық процедураларды жүргізу кезінде жылдық тиімді жеке алған сәуле мөлшері 1 мЗв-дан аспауға тиіс.

Азаматтарға профилактикалық медициналық рентгенологиялық процедураларды жүргізу кезінде қосымша зерттеу жүргізуді немесе мөлшерлер көп пайда болатын әдістерді мәжбүрлі пайдалануды талап ететін жағдайда ғана белгіленген жылдық сәуле алу нормативі асып түсуі мүмкін.

Азаматтарға профилактикалық медициналық рентгендік процедураларды жүргізу кезінде осы стандарттың уақытша мәжбүрлі түрде асып кету туралы шешімін Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігері және тиісті аумақтардағы және көліктегі бас мемлекеттік санитариялық дәрігерлер қабылдайды.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 03.09.2018 № ҚР ДСМ-9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. Азаматтардың (пациенттердің) дозалық жүктемелерін айқындау Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 17 ақпандағы № 71 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 113) тармақшасымен бекітілетін санитариялық қағидалардың, гигиеналық нормативтердің (бұдан әрі – нормалау құжаттары) талаптарына сәйкес жүргізіледі.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.04.2023 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21. Табиғи сәулелендіру көздерінің әсер етуі есебінен радиациялық аямен байланысты тиімді мөлшердің жол берілетін мәні азаматтар үшін белгіленбейді. Азаматтар алған сәулені азайтуға жекелеген табиғи сәулелендіру көздерінен сәуле алуды шектеу жүйесін орнату жолымен қол жеткізіледі.

5-тарау. Азаматтар алған жеке сәуле мөлшерлерін мемлекеттік бақылау және есепке алу жүйесі

Ескерту. 5-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 03.09.2018 № ҚР ДСМ-9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

22. Ұйымдар нормалау құжаттарына сәйкес арнайы нысан бойынша халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган ведомствосының аумақтық бөлімшелеріне азаматтар мен персоналдардың алған жеке сәуле мөлшерлері бойынша мәліметтерді ұсынады.

Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган ведомствасы анықтаған ұйымда республикалық азаматтар мен персоналдардың алған жеке сәуле мөлшерлері дерекқоры құрылады.

23. Персонал мен азаматтарға жеке дозиметриялық бақылауды жүргізу кезінде жылдық тиімді мөлшерді, сондай-ақ барлық кәсіби жұмыс істеу кезеңіндегі жиынтық тиімді жеке мөлшерді есепке алу жүргізіледі.